

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Жалпы ақпарат

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2025 жылға арналған осы біріктірілген Жылдық есебі (бұдан әрі – Есеп) – Компанияның қаржы-шаруашылық және операциялық қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы жетістіктері туралы деректерді ашатын 18-ші есеп болып табылады. Құжат мүдделі тараптардың кең ауқымына арналған. Осы Есеп GRI Standards талаптарына сәйкес дайындалды.

Есеп Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жобаларға қатысты «Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің қаржылық және қаржылық емес аспектілерін қамтиды. Қаржылық емес ашып көрсетулер негізінен Компанияның қатысу үлесі 50% және одан жоғары болатын еншілес және тәуелді ұйымдар бойынша, яғни «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша ұсынылған..

GRI 2-4

Есепті кезеңде тұрақты даму есептілігі периметріне енгізілетін активтер шекаралары өзгертілді. Осыған байланысты алдыңғы есепті кезеңдер үшін бұрын ашылған ақпарат активтердің жаңартылған шекараларын ескере отырып қайта есептелді.

Қайта есептеу келесі көрсеткіштерге әсер етті

GRI показатель	Көрсеткіштің атауы
GRI 2 7 a b	Қызметкерлер саны
GRI 2 8 a	Қызметкерлер қатарына кірмейтін жұмыскерлер
GRI 302 1 a e	Ұйым ішіндегі энергия тұтыну
GRI 302 3 a	Энергия сыйымдылығы
GRI 303 3 a c	Су алу
GRI 303 4 a c	Суды ағызу
GRI 303 5 a b	Су тұтыну
GRI 305 1 a	Тікелей парниктік газдар шығарындылары (1 Ауқым / Scope 1)
GRI 305 2 a	Жанама энергетикалық парниктік газдар шығарындылары (2 Ауқым / Scope 2)
GRI 305 4 a	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы
GRI 305 7 a	Азот оксидтері (NOx), күкірт оксидтері (SOx) және атмосфераға шығарылатын басқа да маңызды ластаушы заттар
GRI 306 3 a	Қалдықтардың түзілуі
GRI 401 1 a b	Жаңа қызметкерлерді жалдау және кадрлардың ауысымдылығы
GRI 401 3 a e	Бала күтіміне байланысты демалыс
GRI 403 8 a	Еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік басқару жүйесімен қамтылған жұмысшылар
GRI 403 9 a c	Өндірістік жарақаттану
GRI 405 1 a b	Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі
GRI 405 2 a	Әйелдер мен ерлердің базалық жалақысы мен сыйақысының арақатынасы

Қайта қараудың мақсаты – деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету және көрсеткіштердің есептіліктің жаңа шекараларында дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету.

Қаржылық көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – теңгеде көрсетілген және аудиттен өткен шоғырландырылған қаржылық есептілікке (ХҚЕС стандарттарына сәйкес) сәйкес келеді.

Есеп кешенді түрде мыналарды көрсетеді

- ⑦ «Самұрық-Энерго» АҚ даму стратегиясын іске асыруды
- ⑦ Компанияны басқаруға қатысты менеджменттің тәсілдерін

- ⑦ негізгі қызмет түрлері бойынша маңызды қаржы-экономикалық және өндірістік жоспарлар мен нәтижелерді
- ⑦ еңбек қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы нәтижелерді
- ⑦ қатысу аймақтарын дамытуға қосқан үлесті, әлеуметтік саясатты іске асыруды және тұрақты дамудың басқа да аспектілерін.

Осы Есепте әртүрлі нысандарда қолданылатын «Самұрық-Энерго» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы, «Компания» ұғымдары «Самұрық-Энерго» АҚ пен оның еншілес компанияларын білдіреді.

Стандарттар және нормативтік талаптар

Есепте Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Компанияның ішкі талаптары мен регламенттеріне, сондай-ақ корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес негізгі деректер ашып көрсетілген. Есепті дайындау барысында келесі құжаттар ескерілді

- ⑦ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңы
- ⑦ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №189 қаулысымен бекітілген эмитенттің ақпаратты ашу қағидалары, эмитент ашуға тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері
- ⑦ Қазақстан қор биржасының (KASE), Astana International Exchange (AIX) биржасының реттеушілік талаптары
- ⑦ Интеграцияланған есептіліктің халықаралық стандарты («IR» International Framework)
- ⑦ Тұрақты даму бойынша есептіліктің халықаралық стандарты GRI Standards (The Global Reporting Initiative Standards), сондай-ақ GRI 12 Coal Sector

- ⑦ AA1000SES мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты
- ⑦ БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары (UN Global Compact)
- ⑦ 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары
- ⑦ ISO 26000:2010 әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық
- ⑦ Қаржылық тұрақтылық кеңесі жанындағы климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобының (TCFD – The Task Force on Climate-related Financial Disclosures) ұсынымдары (ішінара ашып көрсету).

«Самұрық-Энерго» АҚ қолданылатын стандарттар тұрғысынан есептілікті дамытуға ұмтылады, салалық GRI индикаторларын ашып көрсетеді және TCFD ұсынымдарын ескереді. Осы Есептің негізгі ерекшелігі оның интерактивтілігі мен айқаспалы навигациясы болып табылады онда тек корпоративтік құжаттарға ғана емес, сонымен бірге басқарудың негізгі тәжірибелері орналастырылған «Самұрық-Энерго» АҚ ресми сайтына сілтемелер ұсынылған.

Ақпаратты қамту шекарасы

GRI 2-2, 2-3, 2-4

Есептің шекаралары Компанияның жылдық есептілік цикліне сәйкес келеді. Алдыңғы Есеп 2025 жылғы маусымда жарияланды. Өткен жылдардағы есептердің электрондық нұсқалары Компанияның ресми сайтында қолжетімді. Ағымдағы Есеп «Самұрық-Энерго» АҚ қызметін 2025 жылғы 1 қаңтардан 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде қамтиды.

Компанияда қаржылық есептілік процесіне қатысты ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 16 наурыздағы шешімімен (№5 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ есеп жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау процестерінің тәуекелдер мен бақылаулар матрицалары» бекітілді.

Осы матрицада Холдингінің барлық деңгейлерінде (ЕТҰ, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ДББҰ, «Самұрық-Энерго» АҚ бірлескен кәсіпорындары, Қор) есеп жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау процестерінің картасы көрсетілген және ол 5 кезеңді қамтиды

- ⑦ қаржылық есептілікті дайындау процесін формализациялау
- ⑦ топшілік операциялар мен байланысты тараптармен операцияларды салыстыру
- ⑦ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін деректерді жинау
- ⑦ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау
- ⑦ шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту.

Жалпы алғанда, құжат келесі процестер бойынша матрицаларды қамтиды

- ⑦ қаржылық есептілікті дайындау
- ⑦ сатып алу және кредиторлармен есеп айырысу
- ⑦ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің есебі
- ⑦ қазынашылық операциялардың есебі
- ⑦ дивидендтердің есебі
- ⑦ қаржылық көмектің есебі
- ⑦ салықтардың есебі
- ⑦ қызметкерлерге төленетін сыйақылардың есебі
- ⑦ іссапар шығыстарының есебі
- ⑦ инвестициялар
- ⑦ алынған қарыздар
- ⑦ тауарлық-материалдық қорлар.

«Қаржылық есептілікті дайындау» процесі бойынша негізгі тәуекелдер мен бақылау шаралары қаржылық есептілікті дайындау процесін формализациялаудан бастап, кезеңді жабу мен жеке қаржылық есептілікті

дайындауды, шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауды және қаржылық есептілікке ашып көрсетулерді дайындауға дейін қамтылған. Барлығы матрицада шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде 5 тәуекелді азайтуға бағытталған 50 бақылау рәсімі көрсетілген.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да үш қорғаныс желісіне негізделген және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған жоғары тәуекел мәдениетінің болуы қаржылық есептілікті дайындау процесінің тәуекелдер мен бақылау нүктелері матрицасының сақталуын және өзектілігін қамтамасыз етеді.

Есеп есепті кезең шегінен шығатын, бірақ онымен тікелей байланысты маңызды фактілерді, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының орта мерзімді жоспарларын қамтиды. Есепте «Самұрық-Энерго» АҚ және ЕТҰ қызметінің ең маңызды нәтижелері туралы ақпарат ашып көрсетілген. Деректерді жинау барысында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша маңызды мәселелерге, оқиғаларға немесе шешімдерге қатысты негізделген шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін барлық сандық және сапалық деректер ескеріліп, ашып көрсетілген. Компания тұрақты даму көрсеткіштерімен жұмыс істеу жүйесін жүйелі түрде дамытуда және жақын уақытта қаржылық емес ақпаратты ашу периметрін қаржылық деректерді ашу периметрімен толық сәйкестендіруге ұмтылады.

Бірізділікті қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есепті жасаған кезде шоғырландыру барысында үлестік қатысу әдісін қолданады. Сонымен қатар, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бастапқы құны бойынша, яғни қайта бағалауды ескермей көрсетіледі. Еншілес компаниялар шоғырландырылған қаржылық есептілікке сатып алу әдісі бойынша енгізіледі.

Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ міндеттемелер мен шартты міндеттемелер сатып алу күніне әділ құны бойынша бақылаусыз қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан көрсетіледі.

Компания климаттың өзгеруіне қатысты ақпаратты ашуды бірізді түрде жетілдіруде, TCFD ұсынымдарына сәйкес климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдау ауқымы мен тереңдігін кезең-кезеңімен кеңейтуде. IFRS (ХҚЕС) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес есептілік тәсілдерін кезеңдеп интеграциялау шеңберінде Компания ашу периметрін кеңейту туралы шешім қабылдады бұрын көрсеткіштер ең маңызды еншілес және тәуелді ұйымдар бойынша есептелсе, қазіргі кезеңде қамту Топтың барлық ЕТҰ-ын қамтиды. Бұл қайта қарау деректердің толықтығы мен салыстырмалылығын арттыруға, басқарушылық және операциялық бақылау деңгейін неғұрлым дәл көрсетуге, сондай-ақ қаржылық емес және қаржылық есептіліктің Топтың корпоративтік құрылымымен үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

2024 жылы есептілік шекаралары «Самұрық-Энерго» АҚ және келесі ұйымдарды қамтыды «Самұрық-Энерго» АҚ, «Бұлат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «Өскемен СЭС» АЭС ЖШС, «Шүлбі СЭС» АЭС ЖШС, «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС»

АҚ, Samruk Green Energy ЖШС, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, , Qazaq Green Power PLC, «Бұқтырма СЭС» АҚ, «Ereymenau Wind Power» ЖШС, «Energy Solutions Center» ЖШС филиалы, «Energy Solutions Center» ЖШС, «Көкшетау ЖЭО» ЖШС, «Қазгидротехэнерго» ЖШС.

2025 жылдың ақпаратты қамту шекарасы³⁷

2025 жылы Есептің ақпаратты қамту шекаралары корпоративтік құрылымдағы өзгерістерді және компанияларды қатысу түрлері бойынша жіктеуді ескере отырып өзектендірілді

Еншілес ұйымдарға мыналар жатқызылды

«Самұрық-Энерго» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Бұлат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Energy Solution Center» ЖШС, Qazaq Green Power PLC, Samruk Green Energy ЖШС, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ, «Өскемен СЭС» АЭС ЖШС, «Шүлбі СЭС» АЭС ЖШС, «.

Бірлескен кәсіпорындарға мыналар жатқызылды

«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ, «Семей Энерго» ЖШС, «Өскемен Энерго» ЖШС, «Көкшетау ЖЭО» ЖШС.

«Energy Solutions Center» ЖШС филиалы және «Алматыэнергосбыт» ЖШС («Алатау Жарық Компаниясы» АҚ филиалы) тиісті заңды тұлғалардың құрамында есептілік периметріне енгізілді.

Маңызды өзгерістер

Алдыңғы есепті жылмен салыстырғанда

- ⑦ бірқатар активтердің жіктелуі еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындар критерийлері бойынша нақтыланды
- ⑦ жаңартылған басқару құрылымына кірмейтін немесе шоғырландыру критерийлеріне сәйкес келмейтін жекелеген ұйымдар есептілік периметрінен шығарылды
- ⑦ Топ шеңберінде операциялық және басқарушылық бақылау арасында нақтырақ ажырату қамтамасыз етілді.

Есептің ақпаратты қамту шекарасындағы өзгерістер Топтың стратегиялық мақсаттарына әсер еткен жоқ, алайда әртүрлі есепті кезеңдердегі жекелеген көрсеткіштердің салыстырмалылығына ықпал етуі мүмкін. Қажет болған жағдайларда алдыңғы кезеңдердің деректері түзетілді немесе тиісті түсіндірмелермен ұсынылды.

Тәуелсіз верификациядан өткен индикаторлар бойынша деректерді шоғырландыру операциялық бақылау әдісімен жүзеге асырылды GRI 2-7 a-b, GRI 2-8 a, GRI 2-9 a, GRI 2-27 a-b, GRI 2-30 a, GRI 201-1 a, GRI 201-4 a, GRI 202-1 a-c, GRI 202-2 a, GRI 204-1 a, GRI 205-1 a, GRI 205-2 a-b, d-e, GRI 205-3 a-d, GRI 206-1 a, GRI 302-1 a-e, GRI 302-3 a, GRI 302-4 a, GRI 303-3 a-c, GRI 303-4 a-c, GRI 303-5 a-b, GRI 305-1 a, GRI 305-2 a, GRI 305-4 a, GRI 305-5 a, GRI 305-7 a, GRI 306-3 a, GRI 306-2 c, GRI 401-1 a-b, GRI 401-3 a-e, GRI 402-1 a, GRI 403-8 a, GRI 403-9 a-c, GRI 404-1 a, GRI 404-3 a, GRI 405-1 a-b, GRI 405-2 a, GRI 406-1 a, GRI 418-1 a-b.

37. «Богатырь Көмір» ЖШС 403-8, 204-1, 205 1-3 көрсеткіштері бойынша Есеп шекарасына енгізілмеген.

Сапаны қамтамасыз ету қағидаттары

Есептің сапасы GRI стандарттарының негізгі қағидаттарын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі

Қағидаттар	Сипаттамасы
Тұрақты даму контексті	Есеп Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілердегі үлесі туралы ақпаратты ұсынады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 17-не қосқан үлесі туралы ақпарат ашып көрсетілді.
Теңгерімділік	Есепте есепті жылдағы Компания қызметінің оң және теріс аспектілері көрсетілген.
Толықтық	Есептің көрсеткіштері мен мазмұны Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға елеулі әсерін көрсету үшін жеткілікті болып табылады.
Салыстырмалылық	Есеп бірнеше жыл бойынша динамикадағы ақпаратты қамтиды, бұл мүдделі тараптарға өздері үшін маңызды барлық көрсеткіштер бойынша түсінік алуға мүмкіндік береді.
Айқындылық	Есеп кең аудиторияға түсінікті барынша қолжетімді тілде жазылған және глоссарийді қамтиды.
Сенімділік	Есепке арналған барлық деректер Компанияның бейінді бөлімшелерімен ұсынылған және дұрыстығына тексерілген. Есеп мәтінінде деректер көздеріне сілтемелер келтірілген.
Дәлдік	Барлық маңызды тақырыптар бойынша ақпарат толық ұсынылған және мүдделі тараптарға Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Барлық деректер «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан ресми түрде расталады және ішкі әрі ашық құжаттармен дәлелденген.
Уақыттылылық	Есеп 2025 күнтізбелік жылына арналған ақпаратты қамтиды және 2026 жылы жарияланады.

Кері байланыс

«Самұрық-Энерго» АҚ интеграцияланған Жылдық есепті одан әрі жетілдіру және мүдделі тараптар үшін ақпаратты сапалы ашу мақсатында кері байланыс алуға мүдделі. Компания Есептің интерактивті нұсқасында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ресми сайтында орналастырылған онлайн-сауалнаманы толтырғаныңыз үшін алғыс білдіреді.

GRI 2-3

Сіз 2025 жылғы Есеп бойынша өз пікіріңізбен бөлісіп, Есепке қатысты қызықтыратын сұрақтарыңызды төменде көрсетілген байланыс деректері арқылы жолдай аласыз

Айсариева Мадина Бекайдарқызы,

«Корпоративтік басқару және тұрақты даму» департаментінің директоры

 +7 (7172) 55-30-20

 m.aisarieva@samruk-energy.kz

Тәуелсіз растау

GRI 2-5

«Самұрық-Энерго» АҚ ашылатын ақпараттың ашықтығын және оның тәуелсіз расталуын қамтамасыз етеді. Есепті жылы 2025 жылға арналған Интеграцияланған жылдық есепке енгізілген қаржылық есептілікке сыртқы растауды «Эрнст энд Янг» ЖШС жүзеге асырды. Ал Интеграцияланған жылдық есепте ашылған іріктелген қаржылық емес ақпараттың сыртқы растауын «PricewaterhouseCoopers Tax and Advisory» ЖШС жүргізді.

«Эрнст энд Янг» ЖШС қолданылып жүрген заңнамаға және Ұлыбританияда қабылданған әрі IASB тарапынан шығарылған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2025 жылға арналған қаржылық есептілікке аудит жүргізді.

«PricewaterhouseCoopers Tax and Advisory» ЖШС GRI стандарттарына сәйкес жарияланған іріктелген қаржылық емес ақпаратқа қатысты растау ұсынды. Расталған іріктелген ақпарат Есеп мәтінінде «А» белгісімен көрсетілген.

Болашаққа қатысты мәлімдемелер

Осы Есепті оның барлық бөлімдерінің мазмұнын, сондай-ақ онда келтірілген ескертпелер мен түсіндірмелерді, оның ішінде осы бөлімде берілген ақпаратты ескере отырып тұтастай оқу қажет.

Осы Есеп, егер ақпараттың мәнінен немесе мазмұнынан өзгеше туындамаса, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-да қолжетімді ақпарат негізінде дайындалды.

Болжамдық мәлімдемелер ағымдағы нақты жағдайларға негізделмейді және Компанияның өз қызметінің нәтижелеріне және даму стратегиясын іске асыруға қатысты ниеттерін, пікірлерін немесе ағымдағы күтулерін қамтитын барлық мәлімдемелерді қамтиды.

Өз табиғаты бойынша мұндай болжамдық мәлімдемелер тәуекелдер мен белгісіздік факторларының болуымен сипатталады, өйткені олар болашақта болмауы мүмкін оқиғаларға қатысты және орын алуы ықтимал жағдайларға тәуелді.

«Болжау», «сену», «күту», «жоспарлау», «ниеттену», «жобалау», «қарастыру», «мүмкін» сияқты терминдер, сондай-ақ ұқсас немесе баламалы басқа да сөз тіркестері (соның ішінде терістеу түрінде қолданылған жағдайда) әдетте мәлімдеменің болжамдық сипатын білдіреді. Мұндай

болжамдар Компания алдын ала болжай алатын немесе болжай алмайтын тәуекелдер мен белгісіздіктерді қамтиды. Осыған байланысты болашақ қызмет нәтижелері ағымдағы күтулерден өзгеше болуы мүмкін, сондықтан Есепте ұсынылған ақпаратты пайдаланушылар тек осы ақпаратқа ғана сүйеніп қорытынды жасамауы тиіс.

«Самұрық-Энерго» АҚ өзінің нақты қызмет нәтижелері, көлемдері немесе көрсеткіштері, сондай-ақ Компания қызметін жүзеге асыратын саладағы нәтижелер, көлемдер немесе көрсеткіштер осы Есепте немесе өзге көздерде айқын көрсетілген немесе жанама түрде болжанған нәтижелерге, көлемдерге немесе көрсеткіштерге сәйкес келетініне ешқандай кепілдік бермейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ болжамдық мәлімдемелерге сүйену нәтижесінде кез келген тұлғада туындауы мүмкін шығындар үшін жауапкершілік көтермейді. Қолданыстағы заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Компания күтулердегі өзгерістерді, жаңа ақпаратты, сондай-ақ кейінгі оқиғаларды, жағдайларды немесе мән-жайларды көрсететін болжамдық мәлімдемелерге қатысты қандай да бір жаңартуларды немесе өзгерістерді тарату не жариялау міндеттемесін қабылдамайды.